

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ  
6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша докторанты Бағда  
Сағынайқызы Жұмақанованың философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін  
алу үшін «*Thymus* L. өсімдігінің кейбір түрлеріне фитохимиялық талдау және  
фитосубстанция алу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор  
Зуриядда Бектемировна Сакипованың

## П І К І Р І

Бағда Сағынайқызы Жұмақанованың диссертациялық жұмысы тұтастай алғанда *Thymus* L. өсімдігінің кейбір түрлерін кешенді фитохимиялық зерттеуге және өсімдік субстанцияларын алуға негізделген. Жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды, өйткені импортты алмастыратын дәрілік заттарды, оның ішінде өсімдік тектес субстанцияларды құру және енгізу ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарының басты бағыттарының бірін табысты іске асыруға ықпал ететін болады.

Жұмақанова Бағда Сағынайқызы 2017 жылдан 2020 жылға дейін С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ PhD докторантурасында 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша оқыды. Оқу кезеңінде ол жоғарыда аталған мамандық бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және ғылыми-зерттеу даярлығын қамтитын білім беру бағдарламасын толық игерді.

Б.С. Жұмақанова оқу барысында зерттеу жұмыс тәжірибесін игеріп жетілдірді, республикалық және халықаралық деңгейде өткізілетін ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Диссертация нәтижелерін апробациялау шеңберіндегі баяндамалар, мақалалар, тезистер мазмұндылығымен, жаңалығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

2018 жылы Автор Люблин Медицина Университетінің (Польша) дәрілік өсімдіктер курсымен фармакогнозия департаментінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Тағылымдама барысында докторант бағдарламалық жасақтамасы бар жабдықта эксперименттік жұмыстарды орындаудың заманауи әдістерін игерді және алынған нәтижелер аясында қорытынды жасай алады.

Б.С. Жұмақанова *Thymus seravschanicus* және *Thymus marschallianus* өсімдік шикізаттарының фитохимиялық зерттеулерін жүргізді. *Thymus seravschanicus* және *Thymus marschallianus* өсімдік шикізаттарының морфологиялық және анатомиялық диагностикалық белгілері белгіленді, қазіргі фармакопепялық талаптарға сәйкес дәрілік өсімдік шикізаттарына стандарттау жүргізілді, сондай-ақ *Thymus seravschanicus* және *Thymus marschallianus* өсімдік шикізаттарының тұрақтылығы мен сақтау шарттары белгіленді. *Thymus seravschanicus* және *Thymus marschallianus*

шикізаттарының биологиялық белсенділігінің скринингі антиоксиданттық, бактерияға және саңырауқұлаққа қарсы белсенділіктің профилін көрсетті.

Диссертацияның негізгі ережелері жарияланымдарда: Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін «Molecules» (Q2) халықаралық басылымында, сондай-ақ ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған журналдарда және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында көрсетілген. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы инновациялық патентімен расталды. Теориялық және практикалық маңыздылығы отандық дәрі-дәрмектерді өндірушілерге, соның ішінде өсімдік субстанцияларың номенклатуралар тізімін кеңейтуге арналған ұсыныстарда тұжырымдалған.

Б.С. Жұмақанова тәртіптілігімен, жауапкершілігімен, сыпайылығымен командада тиімді жұмыс істеу қабілетімен, сондай-ақ коммуникативтілігімен ерекшеленеді.

Орындалған диссертациялық жұмыстың көлемі мен мазмұны өзектілігі, жаңалығы, практикалық маңыздылығы бойынша қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Б.С. Жұмақанова қалыптасқан ғылыми зерттеуші, 2011 жылдан 2021 жылға дейін «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығында» ШЖҚ РМК сарапшы қызметінен бастап жоғары лауазымдағы қызметтерді атқарды. Сонымен қатар, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ «Инженерлік пәндер мен тиісті практикалар» кафедрасында ассистенттік қызметін атқару барысында мастер-класс және тренингтерде дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды Қазақстан республикасы және ЕАЭО шеңберінде тіркеуде практикалық білімін студенттермен бөлісе білді.

Қазіргі уақытта шетелдік фармацевтикалық компанияда тіркеу, қайта тіркеу және сертификаттау бөлімінің жетекшісі қызметін атқаруда.

Б.С. Жұмақанова қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше алатын маман ретінде сипаттауға болады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Жұмақанова Бағда Сағынайқызы 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
Фармация ғылымдарының докторы,  
профессор

З.Б. Сакипова